



жүргізілген. Зерттеу нәтижелері бойынша анықталған мәселелерді шешу жолдары ұсынылған. Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, осы зерттеу аясында тұжырымдар жасалған. Шағын және орта үй шаруашылықтарының даму дәрежесі нарықты тауарлармен қанықтыруға, бәсекелестікті кеңейтуге, жұмыспен қамтуды реттеуге, ауылдық жерлерде оң әлеуметтік өзгерістерге әсер етеді. Шағын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының цифрлық технологияларды, жаңа техниканы енгізуді, еңбекті ұтымды ұйымдастыру мен менеджментті ескере отырып пайдалануға болатын пайдаланылмайтын кәсіпкерлік әлеуеті бар. АҚШ, Канада, Франция тәжірибесін кеңінен қолдану және оны отандық шындыққа бейімдеу қажет.

**Abstract.** *The goal* is to identify priorities for the creation of a service sector in agriculture, consumer services for the population, production of professional and handicraft products, the development of health-related facilities, promotion of national traditions, and creation of opportunities for wider dissemination of these industries. In order to accelerate the development of small and medium-sized businesses in the country's agricultural sector, provide employment to rural residents based on strengthening their socio-economic status, improve life in the region, and eliminate financial deficits, it is necessary to increase the level of provision of agricultural producers with material and technical resources. *Methods* – comparative analysis, generalization, systematic approach, SWOT analysis. *Results* – the priority directions for the development of small and medium-sized agricultural businesses, public support, imbalances in prices for agricultural products and industrial goods, expansion of market infrastructure, timely execution of mutual payments between farms, the need to limit the growth of costs and large volumes of imports of food products, measures to increase entrepreneurial activity and competitiveness in the regions are shown. A SWOT analysis of the activities of small and medium-sized business entities was carried out. Based on the results of the study, ways to solve the identified problems were proposed. Summarizing the results obtained, *conclusions* are formulated within the framework of this study. The degree of development of small and medium-sized households affects the saturation of the market with goods, expansion of competition, regulation of employment, and positive social transformations in rural areas. Small agricultural enterprises have untapped entrepreneurial potential, which can be used taking into account the introduction of digital technologies, new equipment, rational organization of labor and management. The experience of the USA, Canada, and France should be widely applied and adapted to domestic realities.


**Аннотация.** *Цель* – определены приоритеты создания сферы услуг в сельском хозяйстве, бытового обслуживания населения, производства профессиональных и ремесленных изделий, развития оздоровительно-профильных объектов, пропаганды национальных традиций, создания возможностей для более широкого распространения данных отраслей. В целях ускоренного развития малого и среднего предпринимательства в аграрном секторе страны, обеспечения занятости жителей села на основе укрепления их социально-экономического положения, улучшения жизни в регионе, устранения финансового дефицита требуется повысить уровень обеспечения сельхозпроизводителей материальными и техническими ресурсами. *Методы* – сравнительного анализа, обобщения, системного подхода, SWOT-анализа. *Результаты* – показаны приоритетные направления развития малого и среднего аграрного бизнеса, поддержка государства, диспропорции в ценах на сельхозпродукцию и промышленные товары, расширение рыночной инфраструктуры, своевременное исполнение взаимных платежей между хозяйствами, необходимость ограничения роста стоимости и больших объемов импорта продовольственной продукции, меры по повышению предпринимательской активности и конкурентоспособности в регионах. Проведен SWOT-анализ деятельности малых и средних хозяйствующих субъектов. По результатам проведенного исследования предложены пути решения выявленных проблем. Подводя итоги полученных результатов, сформулированы *выводы* в рамках данного исследования. Степень развития малых и средних домохозяйств влияет на насыщение рынка товарами, расширение конкуренции, регулирование занятости, позитивные социальные преобразования в сельских районах. Малые сельхозпредприятия имеют неиспользуемый предпринимательский потенциал, который возможно использовать с учетом внедрения цифровых технологий, новой техники, рациональной организации труда и менеджмента. Следует широко применять опыт США, Канады, Франции и адаптировать его к отечественным реалиям.

Түйінді сөздер: ауыл шаруашылығы, шағын және орта агробизнес, азық-түлік өнімдері, нарықтық инфрақұрылым, бағалар, кәсіпкерлік әлеует, цифрлық технологиялар.



мемлекетте жаңа жұмыс орындарын құрады және еңбеккерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына әсерін тигізеді. Сондықтан әрбір кәсіпкерліктің субъектілері өндірістің шығындарын

азайту және тұтынушының сұраныстарын қанағаттандыру шараларын жүзеге асырады, агрокәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік және экономикалық мәселелері келесі 1 суретте қарастырылған.



Ескерту: авторлар құрастырған

1 сурет – Агрокәсіпкерлік субъектілердің экономикада алатын орны

Ауыл шаруашылығының өндірістері жалпы және аграрлық кәсіпкерлік субъектілер барлық табиғи-климаттық жағдайларда тұрақты кәсіпкерлікті жүзеге асыруда ішкі және сыртқы орталарды қалыптастыру керек. Әлемдік тәжірибеде дәлелденгендей, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлік субъектілерінің қолайлы қызмет көрсету негіздері еркін шаруашылықты жүргізудің кезінде жердің (ішкі ортасы) және мемлекеттік қолдаулардың (сыртқы ортасы) оңтайлы үйлесімділігін көрсетеді. Қазақстан мемлекетінде ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігін дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруда шағын кәсіпкерлік субъектілерінің негіздері айқындалды және үрдіс ретінде дамып келеді.

Мемлекетте макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілердің біраз бөлігі белгілі бір көлемде өздерінің қызметін шектеді, қысқа мерзімді делдал операцияларының, меншіктік қаражаттардың жетіспеуінен, несиелік ресурстардың тапшы болуынан қысқартылды. Дағдарыстың себебінен көрші елдердің арзанқол тауарлары елімізге келді, отандық тауар өндірушілер шетке ысырылды, шағын кәсіпкерлік субъектілері әлсіздік көрсетті.

Қазақстан елінің экспорт тауарларына сұраныстың төмендеуі, сыртқы сауда кезінде әріптес мемлекеттердің экономикалық-қаржылық тұрақсыздануы, ұлттық ва-

лютаның құнсыздануы, мемлекеттің сауда және төлем балансының төмен болуы, экономикада ішкі дағдарыстардың артуы, яғни бюджет тапшылығының өсуі мен төлемдік дағдарыстар және басқа да өзекті мәселелер орын алды [9].

Аграрлық кәсіпкерлікті дамытудың бірнеше бағыттары бар:

– институционалдық бағыттар: кәсіпкерліктің субъектілерін, түрлерін, нысандарын ұйымдастыру; мемлекетте тиімді кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру; шағын кәсіпкерлік субъектілерін жетілдіру; орта және ірі кәсіпкерлік құрылымдарды: агрохолдингтер мен корпорацияларды құру;

– экономикалық бағыттар: кәсіпкерлікті экономикалық-қаржылық реттеу шараларын жүзеге асыру: бағаны реттеу; қолайлы банк, несие, салық жүйесі; аграрлық нарықта кәсіпкерлік субъектілердің өзара байланыстарын жетілдіре отырып, қорлардың және азық-түліктің нарығын қалыптастыру; инновациялық және инвестициялық саясатты дамыту, сыртқы сауданы бақылау; кәсіпкерлік тәуекелдерді азайту және ақпараттық деректермен қамтамасыз ету;

– жер бағытында: жер иелері-шаруа қожалықтарын айқындау, жер кадастрын жасау; жер нарығын құқықтық реттеу, жердің нарықтық айналымын қадағалау; жер нарықтарымен өзара кәсіпкерлік байланыстар орнату; жерді пайдаланушыларға бақылау жасау, жерді сату-сатып алу жүйесін жақсарту шараларын жүзеге

асыру, агроэкожүйелерді қорғау және оңтайландыру шаралары;

– әлеуметтік бағыттар: кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігін және мәдениетін көтеру; ауылдық аумақтарда еңбек нарығын реттеу негізінде халықтың тұрмыс деңгейіне және тыныс тіршілігіне ықпалын арттыру; жергілікті өзін-өзі басқаруда дербестігі мен мүддесін айқындау; азық-түліктердің қолжетімділігі және әлеуметтік дүкендер желісінің қызметін жақсарту [10,11].

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2020ж. 6 334 668,8 млн тг, 2021ж. – 7 515 433,5 млн тг, ал 2022ж. – 9481179,8 млн тг құрады. Оның ішінде: өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі 2020ж. – 3 687 310,3 млн тг, 2021ж. – 4 387 236,5 млн тг, ал 2022ж. – 5808259,8 млн тг

құраған, мал шаруашылығының жалпы өнімі 2020ж. – 2 637 460,7 млн тг, 2021ж. – 3 116 973,5 млн тг, ал 2022ж. – 658757,6 млн тг.

Соның ішінде ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер 2020ж. – 9 897,9 млн тг, 2021ж. – 11223,4 млн тг, 2022ж. – 14162,5 млн тг құрап отыр. 2020-2021 жылдардағы пандемиялық және еліміздегі қатаң карантиндік шаралардан соң, ауыл шаруашылығында аз да болса оң өзгерістер орын алды. Себебі халыққа бірінші кезекте қажеттіліктер болып ауыл шаруашылығы саласының өнімдері табылады. Сонымен қатар мал мен құстың саны да айтарлықтай өсті. 2022 жылғы қуаңшылық кезінде Батыс өңіріндегі жылқылардың саны аз ғана өскен (1 кесте).

1 кесте – Ауыл шаруашылығы саласының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2020ж.	2021ж.	2022ж.
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн тг соның ішінде:			
өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі	6 334 668,8	7 515 433,5	9 481 179,8
мал шаруашылығының жалпы өнімі	3 687 310,3	4 387 236,5	5 808 259,8
ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер	2 637 460,7	3 116 973,5	3 658 757,6
Мал мен құстың саны, соның ішінде:	9 897,9	11 223,4	14 162,5
ірі қара мал жыл аяғына, мың бас			
қой мен ешкі жыл аяғына, мың бас	7 850,0	8 192,4	8 538,1
жылқы жыл аяғына, мың бас	20 057,6	20 876,8	21 786,0
түйе жыл аяғына, мың бас	3 139,8	3 489,8	3 586,0
құс, жыл аяғына, млн бас	227,7	243,4	259,1
	43,3	47,9	49,8

Ескерту: Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша авторлар құрастырған

Төменде берілген 2 кестенің деректеріне сәйкес, ұйымдық-құқықтық нысандар бөлінісінде тіркелген субъектілердің ең көп санын дара кәсіпкерлер – 1,4 млн бірлікті, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандар 1,2 млн бірлікті құрайды. Шаруа қожалықтарының 2022 жылы тіркелген саны – 248 602 бірлікті құрады, яғни шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) субъектілерінің 12,3 пайызын ғана құрап отыр. Жұмыспен қамтылғандар санының ең көбі шағын кәсіпкерлікке – 1,7 млн адам және дара кәсіпкерлер – 1,7 млн келсе, ал шаруа қожалықтарында 322,5 мыңнан аса адам жұмыс істейді (7-8 пайыз).

Шағын кәсіпкерліктің өнім шығарылымы 42,1 трлн. теңгені құрады, бұл барлық ШОК субъектілерінің жалпы өнім шығарылымынан 71,1%-ды құрайды, ал енді шаруа қожалықтарының үлесінде 5,1 пайыз ғана. Тіркелген ШОК субъектілерінің

жалпы санында жұмыс істеп тұрғандардың үлесі 88% құрады. Өңірлер бөлінісінде ең көп үлесті Түркістан (97,8%), Қостанай (92,8%) және Қызылорда (92,5%) облыстары құрап тұр. Ең аз үлес Алматы қаласында (79,8%) тіркелген.

Шағын және орта кәсіпкерліктегі тіркелген субъектілер 2021ж. – 1 666 730 бірлік, 2022ж. – 1 924 475 оның ішінде ең үлкен үлесті Алматы мен Астана қаласы, Түркістан облысында, ал ең төменгі көрсеткіштер: Ұлытау, Солтүстік Қазақстан, Абай облыстарына тиесілі. Шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны 2021ж. 3 462 967 адамды құраса, 2022ж. 3 912 486 адамды құраған, оның ішінде ең үлкен үлесті Алматы мен Астана қаласы, Түркістан облысында, ал ең төменгі көрсеткіштерді: Ұлытау, Жетісу, Абай облыстары құрап тұр [12].



АӨК өнімінің экспортын дамыту бойынша кемінде 582 инвестициялық жоба іске асырылады [15].

Жоғарыда аталғандардың және ғылыми-зерттеудің негізінде, ауыл шаруашылығы шағын және орта кәсіпкерлігін да-

мытудың әлеуметтік-экономикалық нәтижелеріне сараптама жүргізу мен кешенді талдаудың нәтижесінде, сондай-ақ, өңірді дамытудың күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен басымдылықтарын айқындау келесі 3 кестеде SWOT талдауда берілген.

3 кесте – Ауыл шаруашылығы шағын және орта кәсіпкерліктің қызметтеріне SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- өндірістік әлеуеттің болуы; - қолайлы географиялық орналасуы; - ауыл шаруашылығының өнімдерін ірі нарықтарға жақын жерге орналастыру; - жайылымдық жерлердің басым болуы.	- азық-түліктің барлық түрімен өзін қамтамасыз ете алмайды; - халықтың аз орналасу деңгейінен өнімдер мен материалдық-техникалық ресурстарды өндірушіден тұтынушыға жеткізу кезінде көп шығынның орын алуы; - ауыл шаруашылығы салаларына банктік-қаржылық қызмет көрсетудің шектелуі; - ауыл шаруашылығы саласында өндірістік инфрақұрылымның дамымауы; - аграрлық салада шағын тауарлар өндірісінің басым болуы; - агротехнологиялардың ескіруі, өндірістік негізгі құралдардың табиғи және сапалық тозуы.
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатерлері
- елімізде агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты түрде дамуы; - отандық азық-түліктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; - экспортқа бағдарланған бәсекеге қабілетті сапалы өнімдерді өндіру; - заманауи нарықтардың кеңеюінің негізінде жаңа мүмкіндіктердің ашылуы.	- елде азық-түлік тапшылығының орын алуы; - импорттық тауарлар үлесінің басым болуы; - мемлекетімізде ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасының жиі өсуі; - экономикалық-қаржылық дағдарыс салдарынан ауыл шаруашылығы салаларына қажетті инвестицияларды тартудың қиындықтары; - көрші елдердің тарапынан бәсекелестіктің артуы.
Ескерту: авторлармен құрастырылған	

3 кестеде жасалынған ауыл шаруашылығы шағын және орта кәсіпкерліктің қызметтеріне SWOT талдаудың нәтижесі бойынша, Қазақстан елінің мүмкіндіктері мен әлеуеті өте зор. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы саласын қолдаудың төмендігі, берілген несиелік пайыздардың жоғары болуы, әлі де болса аграрлық саланың қарыштап дамуына кедергі келтіруде.

Қазіргі кезде экономиканың аграрлық секторының бәсекеге қабілеттілігін көтеру және елде азық-түліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сыртқы нарықта дербес алдыңғы қатардағы орындарды алу бағытында еліміздің ішкі нарықтарының қажеттіліктерін қанағаттандыратын ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен мөлшерін қолайлы негізде өндірудің негізгі жұмыстары мен іс-шаралары жүзеге асырылуда.

Қазақстанда ауыл шаруашылығының шағын және орта кәсіпкерлігін дамыту келесі негізгі себептер бойынша өзекті қажеттіліктерден тұрады: ең алдымен, қала мен ауылдың баламасыз алмасуы және еңбекке ақының төмен болуынан ауыл

тұрғындары жеке шаруашылықты дамытуға белсенді араласты. Елді мекендерде жеке қосалқы және шаруа қожалықтары ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемінің жартысына жуығын өндіреді.

Дегенмен, жеке сектор өзінің өнімдерін өткізуде негізгі тәжірибелерді білмейді, атап айтқанда:

- біріншіден, жеке кәсіпкерлердің өз кезегінде техникалық қызмет көрсетуде күрделі техниканы және құрал-жабдықтарды пайдалана алмауы, өндірістің заманауи технологияларын енгізуде қажеттіліктері артты;

- екіншіден, ауылдық елді мекендерде ауыл шаруашылығы өнімдерінің қысқаруынан жұмыссыздардың саны артуда. Ал жұмыссыздықтың көрсеткіші бюджеттік мекемелерден қысқарғандар есебінен және ауылды жерлерге алыс шетелден келіп қоныстанған оралмандармен саны артып отыр;

- үшіншіден, ауылдық қолөнерді қолға алу. Қолөнерді дамыту арқылы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің орнын толтыруға, экономиканы қайта құруға негізделеді. Қолөнер дағдарыс кезінде экономикалық

өсудің бастамасы болады және қоғамда орта кластың алғашқы капиталдарын жинақтауға қабілеттенеді. Неміс экономистері дәлелдегендей, қолөнершілік Германияның соғыстан кейінгі дағдарыстан шығуының бірден-бір себебі болған. Қолөнер кәсіпкерлігін қалыптастыру арқылы халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жаңғырту, жаңа жұмыс орындары ашылады, адамдардың басым бөлігі нарықты экономиканың шарттарына бейімделеді;

- төртіншіден, ауылдық елді мекендерде тұрмыстық қызмет көрсетудің қалыс қалуын атауға болады, ауылда әлеуметтік дүкендер желісінің көптеп ашылуы, мәдени, білім, спорт және коммуналдық қызмет көрсету салаларының қызметтерін жандандыру.

**Қорытынды.** Қорыта келгенде, ауыл шаруашылығында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың заманауи көзқарастары және оның негізгі мәселелері айқындалды:

1. Дамыған елдерде шағын және орта шаруашылықты ұйымдастыру мен басқарудың бірнеше әдістері мен жүйесі қалыптасқан. Қазақстанда экономикалық реформа бойынша негізгі бағыттардың бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамыту. Бүгінгі таңда қоғам шағын және орта кәсіпкерліктің нарықтық тетіктерді құрайтын басты шарттардың бірі екеніне көз жеткізді.

2. Шағын және орта кәсіпкерлік – нарықтық шаруашылықты қолайлы жүзеге асырудың және бәсекеге қабілетті бола алатын экономиканың бір саласы, мемлекетте бәсекелі ортаны қалыптастырады, сондай-ақ нарықты экономикада тиімді, қолжетімді, халықтың қолда бар қаржылық және өндірістік ресурстарын жұмылдыратын, елдің нарығын отандық тауарлар және қызмет көрсетулермен нақты қамтамасыз етуге қабілетті болатын, монополияға қарсы тұратын, салық салынатын объектілерді көбейту негізінде бюджеттің кірістерін мөлдіретін, әр түрлі құрылымдарды қайта құрудың негізгі факторларын және ғылыми-техникалық прогрестің даму бағыттарын қамтамасыз ететін, жұмыссыздық пен басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде дербес үлес қосады.

3. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бір жағынан басқарушы болса, ал екінші бір жағынан қамтамасыз етуші үдерісімен анықталады. Дамыған елдерде шағын кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалардың үлес салмағы жоғары, яғни 53-80% құрайды. Ресей, Беларусь, Қырғызстанда төмен, яғни 2-10%-ды қамтиды. Деректерге қарасақ, АҚШ-та жұмыспен қамтыл-

ғандар – 53%, құндылықтар – 45%, таза табыстың – 34,9% шағын кәсіпорындар үлесіне тиесілі.

4. Қазақстанда шаруа қожалығы аграрлық экономикада ұсақ тауарлы, дербес сектор болып табылады, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің 26,5%-ы, мал бастарының 3%-дан 10%-ға дейіні шаруа қожалықтардың меншігінде. Шаруа қожалықтарының тіркелген саны ШОК субъектілерінің 12 пайызын ғана құрайды. Сонымен қатар шаруа қожалықтарында 311 мыңнан аса адам жұмыс істейді (бұл дегеніміз 7-8 пайыз). Шығарылған өнімнің шаруа қожалықтардың үлесінде 5,2 пайыз ғана. Шаруа қожалықтары барлық ауыл шаруашылығы өнімдерінің 15% жуығын өндіреді. Бұл аталған көрсеткіштер шаруа қожалықтары үшін өте төмен көрсеткіш болып табылады.

5. Шаруа қожалықтарына бірқатар салықтық жеңілдіктер берілген, оның ішінде бірыңғай жер салығы төленеді. Дегенмен, ауыл шаруашылығы саласында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны мен үлесін арттырудың қажеттілігі туындайды, себебі шикізаттың басым бөлігі аграрлық секторлардан алынады. Сол себепті, бүгінгі таңда дамыған елдердің тәжірибесінің негізінде, ауыл шаруашылығы саласында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі басымдықтарына назар аудару қажет болып саналады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

[1] Акимбекова, Г.У. Приоритетные направления развития агропромышленного комплекса Казахстана / Г.У. Акимбекова, Г.А. Никитина // Проблемы агрорынка.-2020.-№4.- С.13-23.

[2] Уланова, О.И. Агропромышленный комплекс как приоритетный сектор продовольственной безопасности региона / О.И. Уланова, Э.И.Позубенкова // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2020. - №2 (374) -С.43-48.

[3] Темирбекова, А.Б. Аграрный сектор Республики Казахстан в условиях пандемии / А.Б.Темирбекова, Р.Т. Дуламбаева, Д.А.Калдияров // Проблемы агрорынка.– 2021.- №4(4).- С.23-30. <https://doi.org/10.46666/2021-4.2708-9991.02>.

[4] Неганова, В.П. Совершенствование государственной поддержки АПК региона / В.П. Неганова, А.В. Дудник // Экономика региона.-2018.- №2.- С.651–662. <https://doi.org/10.17059/2018-2-25>.

[5] Трач, Д.М. Аграрные преобразования как фактор социально-экономического развития сельских территорий / Д.М. Трач, Л.Д.



Мельничук // АПК: Экономика, управление. - 2020.-№2.-С. 63-71.

[6] Байкадамов, Н.Т. Меры государственной поддержки агропромышленного производства Республики Казахстан / Н.Т.Байкадамов, Б.А.Жакупова, С.Ж.Кельбетова // Проблемы агрорынка. – 2020.-№3.-С.51-59.

[7] Кантарбаева, Ш.М. Оценка регулирующего воздействия государства на развитие аграрного производства / Ш.М.Кантарбаева // Проблемы агрорынка.- 2019.- №4. – С.19-25.

[8] Жумаксанова, К.М. Қазақстанның аграрлық секторын мемлекеттік қолдаудың өзекті мәселелері / К.М.Жумаксанова, Р.Г. Есенжигитова, Р.Ж.Дүйсенкова // Проблемы агрорынка.-2022.- №4.-Б.33-42. <https://doi.org/10.46666/2022-4.2708-9991.03>

[9] Байдыбекова, С.К. Предприятия аграрной сферы Республики Казахстан: эффективность функционирования / С.К.Байдыбекова, Л.М.Байтенова, Э.О.Кыдырбаева // Проблемы агрорынка.-2022.-№2.-С.112-120. <https://doi.org/10.46666/2022-2.2708-9991.12>

[10] Balkrishna, B.A. Study on Role of Social Media in Agriculture Marketing and its Scope /B.Balkrishna, Anand A. Deshmukh //Global Journal of Management and Business Research E: Marketing.-2017.-Vol.-17.-№1.-P. 45-51 [https://globaljournals.org/GJMbr\\_Volume17/5-A-Study-on-Role-of-Social-Media.pdf](https://globaljournals.org/GJMbr_Volume17/5-A-Study-on-Role-of-Social-Media.pdf)

[11] Martin, S.J. Finance for Agriculture or Agriculture for Finance? /S.J.Martin, J.Clapp //Journal of Agrarian Change.-2015.-N1.-P.549-559. <https://doi.org/10.1111/joac.12110>

[12] Официальный интернет-ресурс Национального бюро статистики Агентства Республики Казахстан по стратегическому планированию и реформам [Электронный ресурс].-2021.- URL: <https://stat.gov.kz/ru/> (дата обращения: 5.06.2023).

[13] Итоги развития сферы сельского хозяйства за 2021 год и планы на предстоящий период. Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан [Электронный ресурс]. - 2022.- URL: <https://www.primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-razvitiya-sfery-selskogo-hozyaystva-za-2021-god-i--planu--na--predstoyashchiy-period-22422> (дата обращения: 5.06.2023).

[14] Новую бесплатную инфосистему для фермеров разрабатывают в Казахстане. [Электронный ресурс].-2022.-URL:[https://www.inform.kz/ru/novuyu-besplatnuyu-infosistemu-dlya-fermerov-razrabatyvayut-v-kazahstane\\_a3920164](https://www.inform.kz/ru/novuyu-besplatnuyu-infosistemu-dlya-fermerov-razrabatyvayut-v-kazahstane_a3920164) (дата обращения: 5.06.2023).

### References

[1] Akimbekova, G.U. & Nikitina, G.A. (2020). Prioritetnye napravleniya razvitiya agropromyshlennogo kompleksa Kazahstana [Priority directions for the development of the agroindustrial complex of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 4, 13-23 [in Russian].

[2] Ulanova, O.I., Pozynbekova, E.I. (2020). Agropromyshlenniy kompleks kak prioritetnyy sektor prodovolstvennoi bezopasnosti regiona [Agroindustrial complex as a priority sector for food security in the region]. *Международный сельскохозяйственный журнал - International Agricultural Journal*, 2 (374), 43- 48 [in Russian].

[3] Temirbekova, A.B., Dulambaeva, R.T. & Kaldiyarov, D.A. (2021). Agrarniy sektor Respubliki Kazahstan v usloviyah pandemii [The agricultural sector of the Republic of Kazakhstan in a pandemic]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 4(4),23-30 [in Russian].

[4] Neganova, V.P. & Dudnik, A.V. (2018). Sovershenstvovanie gosudarstvennoy podderzhki APK regiona [Improving state support for the agro-industrial complex of the region]. *Ekonomika regiona - The economy of the region*, 2, 651–662 [in Russian].

[5] Trach, D.M. & Melnichuk, L.D. (2020). Agrarnye preobrazovaniya kak faktor social'no ekonomicheskogo razvitiya sel'skih territorij [Agrarian transformations as a factor in the socio-economic development of rural areas]. *Agropromyshlennyy kompleks: ekonomika, upravlenie - Agro-industrial complex: Economics, management*, (2), 63-71 [in Russian].

[6] Baikadamov, N.T., Zhakupova, B.A., & Kelbetova, S.Sh. (2020). Mery gosudarstvennoi poddershki agropromyshlennogo proizvodstva Respubliki Kazahstan [Measures of state support for agro-industrial production of the Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 3, 51-59 [in Russian].

[7] Kantarbayeva, Sh.M. (2019) Osenka reguliryushego vozdeistviya gosudarstva na razvitie agrarnogo proizvodstva [Assessment of the regulatory impact of the state on the development of agricultural production]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 4, 19-25 [in Russian].

[8] Zhumaksanova K.M., Esenzhigitova R.G., Duiskenova R.Zh.(2022) Qazaqstannyn agrarlyq sektoryn memlekettik qoldaudyozekti maseleleri [Actual problems of state support for the agricultural sector of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka-Problems of AgriMarket*, 4, 33-42. <https://doi.org/10.46666/2022-4.2708-9991.03> [in Kazakh].

[9] Baidybekova, S.K., Baitenova L.M., Kydyrbaeva E.O. (2022) Predpriatia agrarnoi sfery Respubliki Kazahstan: effektivnost funkcionirovaniya [Enterprises of the agrarian sphere of the Republic of Kazakhstan: efficiency of functioning]. *Problemy agrorynka- Problems of AgriMarket*, 2, 112-120. <https://doi.org/10.46666/2022-2.2708-9991.12> [inRussian].

[10] Balkrishna, B.A., Anand, A. Deshmukh (2017) Study on Role of Social Media in Agriculture Marketing and its Scope. *Global Journal of Management and Business Research: E Market-*

ing, 17. Available at: [https://globaljournals.org/GJMBR\\_Volume17/5-A-Study-on-Role-of-Social-Media.pdf](https://globaljournals.org/GJMBR_Volume17/5-A-Study-on-Role-of-Social-Media.pdf)

[11] Martin, S.J., Clapp, J. (2015). Finance for Agriculture or Agriculture for Finance? *Journal of Agrarian Change*, 549-559. Available at: <https://doi.org/10.1111/joac.12110>

[12] Oficial'nyj internet-resurs Nacional'nogo bjuro statistiki Agentstva Respubliki Kazahstan po strategicheskomu planirovaniyu reformam [Official Internet resource of the National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2021). Available at: <https://stat.gov.kz/ru/> (date of access: 5.06.2023) [in Russian].

[13] Itogi razvitya sfery selskogo hozaystva 2021 god I plany na predstoyashi period [Results of agriculture development for 2021 and plans for the coming period] – Oficial'nyy informacionnyy resurs Premer-Ministr Respybliki Kazakhstan [Official Information Resource of the

Prime Minister of the Republic of Kazakhstan] (2022) Available at: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-razvitiya-sfery-selskogo-hozaystva-za-2021god-i-plany-napredstoyashchiy-period-22422> (date of access: 5.06.2023) [in Russian].

[14] Usachev, I.G., Kolesnikov, A.V. (2020). Razvitie cifrovyyh tehnologiy v sel'skom hozjajstve kak sostavnaya chast' agrarnoy politiki [The development of digital technologies in agriculture as an integral part of agricultural policy]. *APK: Jekonomika, upravlenie- APK: economics, management*, 10, 4-16 [in Russian].

[15] Novuyu besplatnuyu infosistemu dlya fermerov razrabatyvayut v Kazahstane [New free information system for farmers is being developed in Kazakhstan] (2022). Available at: [https://www.inform.kz/ru/novuyu-besplatnuyu-infosistemu-dlya-fermerov-razrabatyvayut-v-kazahstane\\_a3920164](https://www.inform.kz/ru/novuyu-besplatnuyu-infosistemu-dlya-fermerov-razrabatyvayut-v-kazahstane_a3920164) (date of access: 5.06.2023) [in Russian].

#### Авторлар туралы мәлімет:

*Жакупова Бакытгуль Абдрашитовна* – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасының аға оқытушысы; Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті; 030000 Алтынсарин көш., 4, Ақтөбе қ., Қазақстан; e-mail: zhakupova\_75kz@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-6965-6006>

*Макаров Анатолий Николаевич*; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Экономикалық теория және экономикалық саясат» кафедрасының меңгерушісі; Қазан федералдық университетінің Набережночелнинск Институты; 420008 Кремлевская көш., 18, Казанқ.,Ресей; e-mail: makarovfsu@yandex.ru; <http://orcid.org/0000-0001-5465-6759>

*Токтарова Мадина Амановна*; экономика ғылымдарының магистрі, «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасының аға оқытушысы; Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті; 030000 Алтынсарин көш., 4, Ақтөбе қ., Қазақстан; e-mail: madinatoktarova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3948-137X>

#### Information about authors:

*Zhakupova Bakytgul* – The main author; Candidate of Economic Science, Senior Lecturer of the Department of State Administration, Finance and Marketing; Zhubanov Aktobe Regional University; 030000 Altynsarin str., 4, Aktobe, Kazakhstan; e-mail: zhakupova\_75kz@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-6965-6006>

*Makarov Anatoli*; Doctor of Economics, Professor; Head of the Department of Economic Theory and Economic Policy; Naberezhnye Chelny Institute of Kazan Federal University; 420008,18 Kremlevskaya str., Kazan, Russia; e-mail: makarovfsu@yandex.ru; <http://orcid.org/0000-0001-5465-6759>

*Toktarova Madina*; Senior Lecturer of the Department of State Administration, Finance and Marketing; Zhubanov Aktobe Regional University; 030000 Altynsarin str., 4, Aktobe, Kazakhstan; e-mail: madinatoktarova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3948-137X>

#### Информация об авторах:

*Жакупова Бакытгуль Абдрашитовна* – основной автор; кандидат экономических наук; старший преподаватель кафедры «Государственное управление, финансы и маркетинг», Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова; 030000 ул.Алтынсарина, 4, г.Актобе, Казахстан; e-mail: zhakupova\_75kz@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-6965-6006>

*Макаров Анатолий Николаевич*; доктор экономических наук, профессор; заведующий кафедрой «Экономическая теория и экономическая политика»; Набережночелнинский институт Казанского федерального университета; 420008 Казань, ул. Кремлевская, 18, Россия; e-mail: makarovfsu@yandex.ru; <http://orcid.org/0000-0001-5465-6759>

*Токтарова Мадина Амановна*; старший преподаватель кафедры «Государственное управление, финансы и маркетинг»; Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова; 030000 ул.Алтынсарина, 4, г.Актобе, Казахстан; e-mail: madinatoktarova@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3948-137X>